

Лисаков қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен Қағидасын бекіту туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2024 жылғы 15 наурыздағы № 87 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 3 сәуірде № 10168-10 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 20.11.2025 № 199 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Лисаков қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен Қағидасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 20.11.2025 № 199 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Лисаков қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихатының төрағасы

К. Мухамадиева

Мәслихаттың

2024 жылғы 15 наурыздағы

№ 87 шешіміне

1-қосымша

Лисаков қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және Қағидасы

Ескерту. Қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 20.11.2025 № 199 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қостанай қаласында тұратын, Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжайы ретінде меншік құқығындағы тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушылар), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан

жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушылардың тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың жиыны ретінде айқындалады.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау "Лисаков қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

3. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының жиынтық кірісін "Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағида) айқындалған тәртіппен есептейді.

4. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеу сомасы мен көрсетілетін қызметті алушылардың осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалды.

Көрсетілетін қызметті алушының жиынтық кірісіне шығыстарының шекті жол берілетін деңгейі бес (5) процент мөлшерінде айқындалды.

Тұрғын үй көмегінің мөлшері көрсетілетін қызметті берушімен Қағидалардың 4-1-тармағына сәйкес есептейді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 20.11.2025 № 199 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. "Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295 /НҚ бұйрығына сәйкес әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлемі жүзеге асырылады (Нормативтік құқытық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33200 болып тіркелген).

6. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе оның сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілі) Қағида сәйкес "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінеді.

"Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 10.01.2025 № 150 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Тұрғын үй көмегі көрсетілген қызметті алушыларға кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жеткізушілер ұсынған ай сайынғы жарналар туралы шоттарға және шығыстар сметасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

8. Тұрғын үй көмегін тағайындау көрсетілетін қызметті алушыларға тиісті қаржы жылына арналған қала бюджетінде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушыға тұрғын үй көмегін төлеу есептелген сомаларды тұрғын үй көмегін алушылардың немесе қызмет көрсетушілердің жеке шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы аудару жолымен жүзеге асырады.

Мәслихаттың
2024 жылғы 15 наурыздағы
№ 87 шешіміне
2-қосымша

Лисаков қалалық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Мәслихаттың "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 297 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5621 болып тіркелген);

2. Мәслихаттың "Мәслихаттың "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 297 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 386 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6130 болып тіркелген);

3. Мәслихаттың "Мәслихаттың "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 297 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2016 жылғы 3 маусымдағы № 31 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6491 болып тіркелген);

4. Мәслихаттың "Мәслихаттың "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 297 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2018 жылғы 10 қазандағы № 276 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8080 болып тіркелген);

5. Мәслихаттың "Мәслихаттың "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 297 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 393 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9128 болып тіркелген);

6. Мәслихаттың "Мәслихаттың "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 297 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2021 жылғы 5 мамырдағы № 37 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9905 болып тіркелген) шешімі;

7. Мәслихаттың "Мәслихаттың "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 297 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2022 жылғы 6 маусымдағы № 146 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28387 болып тіркелген).